

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
*атты Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне арналған жоғары оқу
орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен
студенттердің ғылыми конференциясының*
МАТЕРИАЛДАРЫ

30 сәуір 2013 жыл

VII Шығарылым

МАТЕРИАЛЫ

*Ежегодной Межвузовской научной конференции
магистрантов и студентов, посвященной Празднику
единства народа Казахстана*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

30 апреля 2013 года

VI Выпуск

Алматы қаласы

город Алматы

Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»

Ответственный редактор

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

Члены редколлегии:

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А__ **Актуальные** проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Празднику единства народа Казахстана. 30 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 212 с.

ISBN

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК
ББК**

Сағынаева Ұ.С.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.

**КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫ АШУ МЕН ТЕРГЕУДЕГІ РӨЛІ**

Қазақстан Республикасында қоғамды реформалаудың әлеуметтік маңызды проблемалардың бірі қылмыспен күрес болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті «Қылмыстың ұстамсыз өсуі мемлекетке және қоғамға, азаматтардың өмірі мен мүліктері үшін және Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіруде» деп атай келе, «Заңның абсолютті жоғарлығын белгілеу және заңды бұлжытпай орындайтын азаматтарды қылмыстан қорғау. ... билікпен заңнамалардың барлық күшін өзіне заңсыз жолмен бақуатты өмір сүру жағдайын жасағандарға қолдану» керек екендігін көрсетті [1].

Ресми статистика соңғы жылдары жалпы қылмыстың тұрақсыздық тенденциясын байқатады. Республика бойынша 2004 жылы жалпы 143550 қылмыс тіркелсе, 2005 жылы олардың саны 146347 жетіп, 1,9 пайызға өскен ал, 2006 жылы 141271 қылмыс тіркеліп -3,5 пайызға төмендегендігін байқаймыз [2]. Дегенмен де, қылмыстық құбылыстардың латенттік дәрежесі жоғары екендігін айта кеткен жөн.

Криминалистикалық есептер – қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алу мақсатында қолданылатын ғылыми әдістер және құралдар көмегімен негізделініп мамандармен қайта құралған, өзінде криминалистикалық ақпараттар массивін ұсынатын, құқықтық сипаттағы ақпараттық-іздістіру жүйесі.

Криминалистикалық есеп объектісі – қылмыстардың алдын алуға, ашуға және тергеуге бағытталған қызметті жүзеге асыру процесінде қайта қолдану үшін құқық қорғау органдарымен арнайы мәліметтер банкісінде жинақталған қылмыстық оқиға туралы және осы оқиғамен себепті байланыста болатын тұлғалар және заттар туралы ақпараттар. Криминалистикалық есептер объектілері болып тұлғалар, заттар және оқиғалар туралы мәліметтер табылады. Криминалистикалық есеп объектілерінің шеңберін анықтаудың жалғыз белгісі болып, есеп объектісінің қылмыс оқиғасымен байланысы табылады [3].

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жүйесінде жинақталған криминалистикалық есептер көмегі қылмыстарды ашу барысында орташа есеппен 19-дан 30 пайызға дейін қолданылады. Алайда, бұл көрсеткішті қанағаттанарлық деп қарауға болмайды. Сол себептен де, криминалистикалық тіркеу туралы ілімді ары қарай дамытып-жетілдіру,

қылмыстарды ашу және тергеу процесі барысында криминалистикалық тіркеу мәліметтерін қолдану тиімділігін көтеру ерекше маңыздылықты және өзектілікті иемденеді.

Криминалистикалық есептерді тәжірибе қызметінде қолданудың проблемалары болып, криминалистикалық тіркеудің ғылыми теориялық ережелердің жеткіліксіз өңделгендігі табылады. Қарастырылып отырған проблема жеке зерттеу шеңберінде кешенді сипат алған жоқ. Осыған байланысты көптеген күрделі сұрақтар бүгінгі таңға дейін аз зерттеліп өз шешімін таппай қалуда.

Криминалистикалық әдебиеттерде, қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алуда криминалистикалық тіркеумен байланысты сұрақтарды қарастырып зерттеуге, криминалистика саласында бірқатар жұмыстар арналды. Атап айқанда, өткен жүзжылдықтың ғалымдары – А.И. Винберг, С.М. Потапов, П.С. Семеновский, Н.В. Терзиев, Б.М. Шавер, И.Н. Якимов – қылмыскерлерді тіркеудің жаңа тәсілдерін өңдеуге және негіздеуге ерекше назар аударды. Соңғы жылдары криминалистикалық тіркеу проблемаларын шешуге өздерінің ғылыми зерттеулерін ғалым – криминалистер Т.В. Аверьянова, Ф.Г. Аминев, А.Ф. Аубакиров, Э. Анушат, Р.С. Белкин, Б.М. Бишманов, А.В. Брылевский, А.Н. Васильев, Н.И. Вытовтова, Р.Е. Демина, С.Е. Еркінов, Е.Ф. Жәкішев, Г.А. Зорин, А.А. Исаев, М.К. Каминский, В.Я. Колдин, В.В. Крылов, Қ.М. Кучуков, А.М. Ларин, И.М. Лузгин, Н.Н. Лысов, В.М. Мешков, М.А. Миловидова, Н.Е. Мещеряков, Б.М. Нұрғалиев, В.А. Образцов, Н.С. Полевой, А.В. Пахомов, Л.Д. Самыгин, М.В. Салтаевский, В.И. Титов, Б.Х. Төлеубекова, А.Д. Урсул, Ю.И. Черняк, В.Ю. Федорович, А.М.Ишин, М.Н. Хлынцов, У.Р. Эшби, А.Ж. Шпекбаев, С.А. Ялышев, Н.П. Яблоков және тағы басқа ғалымдар арнады [4]. Аталған ғалымдар криминалистикалық есеп түрлерін талдауға, криминалистика ғылымының жүйесінде криминалистикалық тіркеу орнын белгілеуге, криминалистикалық тіркеуді ұйымдастыруды жетілдіру және бүгінгі күнгі таңның талаптарына сәйкестендіру, есептерді автоматизациялау проблемаларына басты назар бөлді.

Қазіргі таңда қолданымдағы Заң актілері жекелегенде, Қазақстан Республикасының 22 желтоқсан 2003 жылғы «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есептер туралы» Заңы Ішкі істер органдарында және басқа да құқық қорғау органдарымен жүргізілетін есептерді толық көлемде барынша қамтымайды. Ал, Ішкі істер органдарында жүргізілетін есептер, тек қана ведомствалық бұйрыққа негізделген. Көрсетілген жағдай қылмыстырды ашу және тергеу процесін толық түрде ақпараттық қамтамасыз етудің мазмұнын ашпайды. Осыған байланысты барлық есеп түрлерін, мақсатын, құралдары мен криминалистикалық тіркеу шегін анықтайтын және бекітетін ортақ нормативтік құжат қажет.

Криминалистикалық есептің басқа есеп түрінен негізгі айырмашылығы қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алумен байланысты Ішкі істер органдарының қызметтерін ақпараттық талдаумен қамтамасыз ету бағыттылығымен ерекшеленеді.

Криминалистикалық есеп өзінде ақпараттық-іздестіру жүйесін ұсынады, демек кез-келген ұқсас жүйенің жұмысының негізінде жатқан сондай ережелерге бағынады. Криминалистикалық жүйенің негізгі элементі болып тергеу үшін маңызды криминалистикалық ақпараттарды иемденетін құжаттар массиві табылады. Көрсетілгендерге байланысты, тергеуді ақпараттық талдаумен қамтамасыз ету деп іс бойынша дәлелдеме ретінде қолданылатын немесе дәлелдемелерді алуға ықпал ететін, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен алынған, мәліметтер банкісіндегі мағлұматтарды іздестіру, бағалау және қолдану процесін түсінуді ұсынады [5].

Қазақстан Республикасында криминалистикалық есептерді жүргізу және ұйымдастыру бойынша қызметті талдау шет мемлекеттер тәжірибесіне жүгіну қажеттілігін көрсетеді себебі ол, шет елдердің тіркеу қызметін құру үрдісі барысында орын алған кемшіліктерді және проблемаларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Шет мемлекеттердің криминалистикалық есептерін төрт топқа бөлуге болады:

- 1) қылмысты жасау тәсілі бойынша қылмыстардың есебі;
- 2) қылмыс объектісі туралы мәліметтерді құрамдайтын есептер;
- 3) қылмыскер туралы мәліметтерді құрамдайтын есептер;
- 4) 4) танылмаған мәйіттер және із-түзсіз жоғалған тұлғалардың есебі.

Шет мемлекеттердің тіркеу қызметінің айырмашылығы болып, криминалистикалық және статистикалық есептердің тығыз байланыстылығы табылады. Францияда, Америка Құрама Штаттарының есеп объектілері туралы мәліметтер жинау үшін типографиялық тәсілмен орындалған, өзінде әр түсті бланкілерді ұсынатын хаттамалар қолданылады.

Шет елдердің құқық қорғау органдарының тіркеу қызметінде «мұрағаттық» қылмыстық іс мәліметтерін қолдану тәжірибесі қызығушылық тудырады. Қылмыстық істерге қарағанда, криминалистикалық есептер мәліметтерді аз иемденеді. Осы негізінде, жекелеген шет ел мемлекеттерінде барлық қылмыстық істер кодталынып компьютер жадына енгізіледі.

Жоғары ұйымдастырылған және кең тармақталған тұрғындардың есеп жүйесі Швецияда пайдаланылады, ол әрбір швед азаматтары иемденетін жеке нөмірлеріне негізделген [6].

Ғылымның қазіргі мүмкіндіктері криминалистикалық есептерді құру үрдісін толығымен автоматтандыруға, оларға қылмыспен қарсы күреске жұмылдырылған барлық қызметкерлердің қолдарын жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мәліметтер банкіні өзекті және заманауи ақпараттармен дер кезінде толықтырып отыру мәселелеріне де ерекше көңіл бөлу қажет.

Өкінішке орай құқық қорғау органдары әлі күнге дейін криминалистикалық тіркеу үрдісін басқару бойынша ғылыми өндемелермен қаруланбаған. Құқық қорғау органдарымен қылмыстың алдын алу, ашу және тергеу процесін ақпараттық талдаумен қамтамасыз ету жеткіліксіз деңгейде. Себебі, кейбір жағдайларда тәжірибе қызметкерлері криминалистикалық есеп

мүмкіндіктері туралы толыққанды хабардар емес. Мәліметтер базалары шынайы емес немесе ескірген ақпараттармен толған. Аймақтық орган қызметкерлері криминалистикалық есептерден мәліметтер алуға қатысты сұраныстары көп уақыт шығындарын қажет ететін жағдайлар кездеседі.

Криминалистикалық есептерді құрамдайтын мәліметтер мүмкіндіктерін пайдалану арқылы қылмыстарды ашу мен тергеу пайызы елеулі түрде төмен, осыған орай криминалистикалық есеп мүмкіндіктеріне қол жеткізу шалғайдағы қалалық-аудандық органдардың қызметкерлері үшін де мүмкін болатын, ақпараттар объективті, дер кезінде және өзекті болатын криминалистикалық есеп қызметін ұйымдастырудың жаңа қағидаларын енгізуіміз қажет.

Криминалистикалық ақпаратты құрамдайтын, ішкі істер органдарының тіркеу массиві қылмыстарды ашуда және тергеуде маңызды рөл атқарады. Криминалистикалық тіркеуді жүзеге асырушы органдарда, әртүрлі есеп түрлері қолданылады, сақталған ақпараттың жалпы көлемі миллиондаған құжаттармен есептеледі. Алайда, бұл мәліметтерді тиімді қолдану, есептерді ұйымдастыруда алатын жекелеген кемшіліктердің болуына байланысты қиындап отыр.

Құқық қорғау органдарының қызметінде криминалистикалық есептерді қолдану тиімділігін көтеру ақпараттық массивтермен жұмыс жүргізуді ұйымдастырудың қағидалы жаңа тәсілдерінсіз мүмкін емес. Маңызды проблемалардың бірі болып дер кезінде мәліметтер банктерін өзекті және шынайы ақпараттармен толтыру қалып отыр. Оны шешу үшін төмендегі шараларды жүзеге асыру қажет.

Біріншіден, қолданымдағы барлық криминалистикалық есептерді, тіркеу ақпараттарды жинауды ортақтандыру мен кері ортақтандыруды ұйымдастыру.

Екіншіден, криминалистикалық және қылмыстық-статистикалық есептің алғашқы есептік құжаттарының бірыңғай түрлерін қалыптастыру.

Үшіншіден, криминалистикалық есептерге жүгінген тергеу және жедел қызметкерлерге автоматтандырылған жұмыс орындарын құру, ол тергеулік ахуал теориясы ережелерін криминалистикалық тіркеуге тарту шартында маңызды болып табылады.

Қылмыстың алдын алу, ашу және тергеу бойынша тәжірибе қызметінің тиімділігін ары қарай жетілдіру үшін қажетті назарды тек қана ғылымның және техниканың жаңа жетістіктеріне ғана аудармай тіркеу қызметінің өзін ұйымдастыру негізіне де қараған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Казахстан-2030: Процветание, безопасность и обеспечение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана // Казахстанская правда. – 1997. – 11 октября.
2. ҚР құқық қорғау органдары қызметінің 2006 жылдың 12 айының негізгі көрсеткіштері туралы құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитеттің мәліметтері.
3. Қазақ Энциклопедиясы

4. Седов А.Е. Концепции информации в биологии: поиски междисциплинарной методологии и их особенности в отечественной науке // Институт истории естествознания и техники им. С.И. Вавилова РАН. Годичная научная конференция. – М.: Изд-во. «Янус–К», 1997. – 95-100 б.б. Смирнов Н.А. Западное влияние на русский язык в петровскую эпоху. – СПб.: Тип. Акад. наук, 1910. – 123 б.
5. Анушат Э. Искусство раскрытия преступлений и законы логики. – М.: ЛексЭст, 2001; Ганс Шнейкерт. Тайна преступника и пути ее раскрытия (к учению о судебных доказательствах) // Тайна преступника. – М.: Книжная находка, 2002. – 19-104 б.б.
6. Интернет желісі «e-kitaptar.com» сайты

СОДЕРЖАНИЕ

Абдрахман А.Д. Қылмыстан сақтандыру және сот билігі.....	
Абдрахметова А., Жоламанова Н. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру.....	
Абен Т.А. Жеке басы белгісіз мәйіттерді криминалистикалық есепке алудың мәселелері.....	
Адамбеков А.А. Қазақстандағы ювеналды юстицияның дамуы және қызмет атқару ерекшеліктері.....	
Айнакулова Д. Этика адвоката.....	
Асқарқызы Ә. Кісі өлтірудің тергеу әрекеттерінің ерекшеліктері.....	
Асубаева А.С. Криминалистикалық одорологияның қылмысты ашудағы маңызы.....	
Асубаева А., Джаугаштина А. Қылмыстық сот ісін жүргізуде бәсекелестік принципінің қылмыстық процессуалдық мәселелері.....	
Әбдіқожаева А., Базарлинова А. Адвокаттық құпия және адвокаттың кәсіби әдебі.....	
Әшімбаева А.М. Проблемные вопросы уголовно-правовой и криминалистической характеристик угона и кражи транспортных средств.....	
Байбалаев А.Б. Кәметке толмағандардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқы және оның алдын алудың проблемалары.....	
Баймбетова Л.Т. Криминалистикалық болжамдар және олардың қылмыстарды ашу мен тергеудегі рөлі.....	
Байшуахов А.М. Специфика судебной речи.....	
Балтабаев А.Ғ. Бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі ұйымдасқан қылмыстық топтардың тарабынан орын алатын бопсалау қылмысымен күресу болып табылады.....	
Болатбекқызы Ә. Адамның аяқ іздерін зерттеудің мәселелері.....	
Бураханова А.Н. Некоторые особенности женской преступности.....	
Дарибаева Қ.Б. Жаңа құқықтық саясат тұжырымдамасы.....	
Даутова Н. Судебное красноречие.....	
Даутова Н. Некоторые особенности допроса как разновидности общения... ..	
Джаугаштина А.К. Хабар-ошарсыз кеткен тұлғаларды криминалистикалық есепке алудың мәселелері.....	
Dzhumakhanbetova E. Qualification of an unfinished crime.....	
Дүйсенбай Р.М. Тонау бойынша жүргізілетін алғашқы және кейінгі тергеу әрекеттері мен жедел-іздістіру шаралары.....	
Ем М. Проблемы участия законного представителя в допросе несовершеннолетнего подозреваемого, обвиняемого на предварительном расследовании.....	
Ералиева К.Ш. Проблемы прокурорского надзора за законностью исполнительного производства.....	
Естібай А.А. Проблемы педофилии среди молодежи.....	
Жұмақұлова А.М. Ақша белгілерінің техника – криминалистикалық сараптамасы.....	

Жумаханова Х.Ж. Телефонды сөйлесімдерді тындаудың құқықтық аспектілері.....	
Жумаханова Х.Ж. Қорқорды қорғайтындар «қор» болды.....	
Ибраева А.Ч. Проблемы профилактики преступлений, совершаемых детьми с девиантным поведением.....	
Ибрашев Н.М. Қорқытып алушылық қылмысы бойынша кейінгі тергеу әрекеттерінің тактикалық ерекшеліктері.....	
Ильяшева Д.Б. Адвокатская тайна.....	
Итахунова Г. К вопросам предупреждения насилия над женщинами.....	
Кабен Н. Проблемы предупреждения женской преступности.....	
Каймулдинова П. Трасология.....	
Калилаханов А. Значение обвинительной речи прокурора в судебном разбирательстве.....	
Кожаметова А. Участие адвоката в гражданском процессе.....	
Кудабаева А.Б. Кәмілеттік жасқа толмағандардан жауап алудың ерекшелігі.....	
Кусаинов А.Г. Доказательственная речь (как должна звучать убедительная речь).....	
Макрушин А.О. Виды судебных речей и их особенности.....	
Малқарбаева М. Общеуголовная корыстная преступность.....	
Мәулен Қ.Ә. Ізін суытпай қылмыстарды тергеудің әдістемесі.....	
Мірәлиева М., Үмбет А. Қазақстан Республикасында адвокаттық қызметінің мәселелері.....	
Мукажан А. Проблемные вопросы квалификации хулиганства.....	
Муратова А. Қазақстан Республикасында кәмілетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.....	
Нұрланұлы Б. Қылмыстан сақтандырудың жүйеленуі.....	
Омарова М.С. Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының биліктің басқа да тармақтарымен өзара байланысы.....	
Омарова Н., Омарова М. Шет мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы.....	
Өрісбаева З.Т. Жол-көлік оқиғасын тергеу әдістемесі.....	
Сағынаева Ұ.С. Криминалистикалық есепке алу және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....	
Сағынбаева Ә.Е. Қылмыстық заңды дамыту – негізгі құқықтық қажеттілік.....	
Сандыкбаева А. Причины и условия преступности несовершеннолетних.....	
Сатыбалдина С.К. Тінту тактикасының ерекшеліктері.....	
Сембай Д. Жауап алу тактикасының ерекшеліктері. Кәмілет жасқа толмағандардан жауап алу немесе жауап алғанда қолданылатын тактикалық әдістер.....	
Серик М.Т. Обстоятельства, исключющие участие адвоката в качестве защитника.....	
Серікбаев А.М. Криминалистикалық одорология және оның қылмыстарды ашу мен тергеудегі маңызы.....	

Тастанов А.Д. Азаматтық істер бойынша адвокат өкілдің рөлі: құқықтық негіздемелері.....	
Тойшыбаева А. Судебная речь.....	
Торбек А.С. Адвокат в уголовном процессе.....	
Төлмұратова А.Т. Адвокаттық құпия.....	
Халимназаров Б. Некоторые вопросы деятельности органов прокуратуры в Республике Казахстан.....	
Хильман А.И. Телефонды сөйлесімдерді криминалистикалық қамтамасыз ету.....	
Шарафи С. Проблемы оперативно-розыскной деятельности.....	
Шукуралиев Ф. Некоторые вопросы модернизации правоохранительной системы.....	
Ягмусова А. Эвтаназия: проблемы квалификации и правового закрепления...	